

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ  
М. САПАРБАЕВ АТЫНДАҒЫ Оңтүстік ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ИНСТИТУТЫ

# ПРЕЗЕНТА

# ЦИЯ

«Жеткіншектердің қиын балаларды  
анықтау және түзету»

Орындаған: Чинташова Б.Б.

Тобы: Шк16-2

Қабылдаған: Бектурсунова Д.Т.

Шымкент 2018ж

# Жоспар:

1. Жеткіншек шак және онын ерекшеліктері
1. Қиын баланың пайда болу себептері
1. Мінез-құлқында ауытқуы бар оқушылармен жұмыс



# Жеткіншек шак және онын ерекшеліктері




- Жеткіншектік жас – болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең.
- орта мектеп жасында (10-11-ден 14-15 дейін) анатомиялық-физиологиялық тұрғыдан, сондай-ақ мінез-құлқы жағынан өзгерістер көрініс бере бастайды.

Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар қоғамда, мектепте еңбек процесіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңейеді. Бұл жастағы бала намысқор келеді, үлкендер бақылауын, әкімшілік шараларды ұнатпайды.

# Блонский Павел Петрович (1884-1941) -

- ❖ орыс және кеңес педагогы, психологы, философия бойынша 200-ден астам ғылыми еңбек жазған.
- ❖ психологиялық, педагогикалық тұрғыдан («Еңбек мектебі», «Педагогика», «Халық мектептерінің мәселелері мен әдістері», «Балалар жынысы туралы очерк» және т.б. еңбектері жарық көрді.





✓ Қиын балалар және мінез-құлықтағы қиындық ұғымы 1920-30 жылдары П.П. Блонскийдің еңбектерінде пайда бола бастады.

Оның зерттеулерінде қиын балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетеді. Істі бүлдіруші оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П. Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөледі.

Объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы –ол мұғалімнің жұмысының жемісті еместігіне байланысты.

Субъективті қиын оқушы –онымен мұғалімге жұмыс істеу өте қиын, мұғалімнен көп жұмыс істеуді талап етеді.

Қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы, тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады.

- П.П.Бельский кәмелетке толмаған мінез-құлқындағы қиындығы бар балалардың ішкі дүниесін қарастырды.
- В.В.Трифонов зерттеулерінде “қиын оқушы анықтамасы-бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы.
- Ағылшын психологтары Хевитта және Дженкинс қиын балаларды екі үлкен категорияға бөлген:
  - әлеуметтік формадағы антиқоғамдық мінез-құлқы тән балалар;
  - әлеуметтік емес антиқоғамдық агрессивті мінез-құлықты балалар. Бұл балалардың жанұясымен, қатарластарымен қарым-қатынасы жаман, эмоциялары бұзылған, агрессивті, қатыгез әрі кекшіл балалар.

**Ғалымдардың бірқатары қиын балалардың пайда болуын өмірдің қолайсыз және әлеуметтік-биологиялық факторлармен байланыстырады.**

# Жеткіншектер тәртібінің төмендегенін мынадан байқауға болады:

- а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу;
- ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік;
- б) тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату.







- **Агрессивті** – басқа адамдарды өзіне бағындыру немесе оларға үстемдік ету мақсатында нақты немесе қиялынан туған мінез-құлықтан көрініс табатын тенденция, екі түрі болады: латентті (жасырын) және айқын;
- **Тәуелді** – қанағаттану, рахатқа бөлену немесе бейімделу мақсатында біреуге немесе бірдеңеге міндетті болуға ұмтылу, симбиотикалық тәуелділік;
- **Суицидальді** – өзіне қол жұмсау бағытындағы саналы әрекеттер. Жеткіншектердің суицидальді мінез-құлқы отбасындағы, сондай-ақ, құрдастарымен қатынастардағы жағдайларды қабылдамау салдарлары болып табылады. Немқұрайлылық, селқостық, жек көрушілік, әділетсіздік атмосферасы, үмітсіздік, жалғыздық сезімін туғызады. Кінәні сезіну, ата-аналар мен педагогтар тарапынан қойылған талаптарды орындау мүмкіндіктерінің болмауы, өзін-өзі бағалаудың төмен болуы да суицидтің алғышарттары болып табылады. (1. адамның иманының болмауы мен өмірдің қиыншылықтарын дұрыс түсінбеуі; 2. қаржылық жағдайлардың әсері; 3. ренжу; 4. қателік)
- **Үйден қашудың** себептері әр түрлі. Әдетте, отбасы арасында немесе мектеп ішінде қандай да бір қорлауға, моральдық немесе физикалық күш көрсетуге қарсыласу сезімінен туындайды.



**Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттен жасөспірімдерді аулақ ұстау үшін спорт секциялары мен алуан түрлі үйірмелерге оқушыларды жаппай тарту қажет. Ғылыми деректер бойынша бос уақыты көп оқушы кейде жаман нәрсеге үйірсек келетіні белгілі. Сол үшін ата-аналар осы жағын батыл ойлануы тиіс.**

# ТӘРБИЕСІ ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

1. “Мен” бейнесін анықтау
2. “Менің ерекшеліктерім” анықтау
3. Өзіндік бағалауын анықтау
4. Болашаққа көзқарасын анықтау
5. Оқу мотивациясын анықтау
6. Қарым-қатынасын түзету
7. Жаман әдеттерін түзету
8. Адамгершілікке тәрбиелеу
9. Жауапкершілікке үйрету
10. Тәрбиесі қиын балалардың ата-анасымен жұмыс
11. Тәрбиесі қиын балалардың мұғалімдерімен жұмыс жасау.

## 1. “ҚИЫН БАЛА” ӘДІСТЕМЕСІ

**МАҚСАТЫ:** Өзінің қиын бала екенін сезіндіру.

ТӘРТІБІ ҚИЫН БАЛАҒА МЫНАДАЙ ТАПСЫРМА БЕРІЛЕДІ:

- 1) ҚИЫН БАЛАНЫҢ МІНЕЗІ –
- 2) ҚИЫН БАЛАНЫҢ ОРТАДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТІ –
- 3) ҚИЫН БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ –

ОНЫ ЖЕКЕ-ЖЕКЕ МӘН ЖАЙЫН АШЫП ЖАЗУ КЕРЕК.  
ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУҒА 2 МИНУТ УАҚЫТ БЕРІЛЕДІ, ӨЗ  
ЖҰМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ.

# Жеткіншектердегі қиын балаларды анықтау және түзетуге арналған ғылыми әдістемелер

- Басса-Дарки әдістемесі – жеткіншектер агрессиясын диагностикалау, яғни бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.
- Шмишек тесті – мінез-құлық акцентуациясының көрініс беруін және оның түрін, күшін бағалау.
- Кеттелдің 16-факторлық тесті – жеке тұлға ерекшеліктерін және адамның кісілік қасиеттерін анықтау.
- Пиктограмма әдістемелері (“Отбасы суреті”, )
- ШТУР тесті – жеткіншектердің интеллектуалдық даму деңгейін және жалпы мағлұматын бағалау.



Назарларыңызға  
Рахмет\*)))

Svaabagolik.ru